



## Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы N 294 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 583 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 14.11.2017 № 583 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 4-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған, концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі бекітілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2007 жылғы 5 наурыздағы  
N 294 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі

1. Жер, су (концессия шартын іске асыру мақсатында жер пайдалану құқығын беруді қоспағанда), өсімдік әлемі және жануарлар дүниесі.
2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.
3. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті штаттық мүлік, әскери-техникалық мақсаттағы ұйымдар мен объектілер.
4. Магистральды темір жол желісі, кеме қатынасы су жолдары, шамшырақтар, кеме қатынасы қауіпсіздігін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер.
5. Мына қалаларды сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін су шаруашылығы құрылыштарын (су тарту құрылыштары, сорғы станциялары, тазартқыш су

құбыры құрылыштары) қоспағанда, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыштары (бөгеттер, гидротораптар, басқа да гидротехникалық құрылыштар):

- 1) Астана;
- 2) Алматы;
- 3) Ақтау;
- 4) Ақтөбе;
- 5) Атырау;
- 6) Қарағанды;
- 7) Қекшетау;
- 8) Қостанай;
- 9) Қызылорда;
- 10) Павлодар;
- 11) Петропавл;
- 12) Талдықорған;
- 13) Тараз;
- 14) Орал;
- 15) Өскемен;
- 16) Шымкент;
- 17) Семей;
- 18) Түркістан;
- 19) Теміртау;
- 20) Екібастұз;
- 21) Рудный;
- 22) Жезқазған;
- 23) Кентау;
- 24) Балқаш;
- 25) Жанаөзен;
- 26) Сәтпаев;
- 27) Ақсу;
- 28) Риддер;
- 29) Арыс;
- 30) Степногорск;
- 31) Шахтинск;
- 32) Саран;
- 33) Қапшағай;
- 34) Арқалық;
- 35) Лисаковск;
- 36) Приозерск.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Президентінің 25.07.2014 № 866  
Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі  
).**

**6. Қан қызметі, АИТВ/ЖИТС профилактикасы, апаттар медицинасын  
ұйымдастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау  
ұйымдары.**

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Президентінің 2012.06.28 № 348  
Жарлығымен.**

**7. Алып тасталды - КР Президентінің 2012.06.28 № 348 Жарлығымен.**

**8. Алып тасталды - КР Президентінің 2012.06.28 № 348 Жарлығымен.**

**9. Мемлекеттің қорғауындағы тарихи және мәдени мұра объектілері.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК